ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНДА ТҰРАТЫН ӘЙЕЛДЕРДІҢ РЕПРОДУКТИВТІК ҚЫЗМЕТІНЕ КОРОНАВИРУСТЫҚ ИНФЕКЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ

С.С. Худайбергенова, Р.Г. Нурхасимова, А.К. Аязбеков

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ -түрік университетінің
акушерия және гинекология кафедрасы
Түркістан қ., Қазақстан

Тақырыптың өзектілігі.

Репродуктивті жүйенің әйел ағзасындағы атқаратын қызметі орасан зор екендігі баршамызға мәлім. Дегенмен, қазіргі таңда аталмыш жүйе қызметінің бұзылуы бүкіл Әлемде асқақтап отыр. Этиологиясына жүгінетін болсақ, әрине бірінші орынды инфекциялық асқынулар алады. Қазақстан Республикасының Түркістан обылысында короновирустық инфекция пандемиясы кезінде жүкті, босанушы және босанған әйелдер ағзасында көптеген асқынулар дамыды. Корновирустар-РНК тасымалдаушы, жануар мен адам арасында таралатын, жоғарғы тыныс алу жолдарын зақымдайтын вирустар қатарына жатады. Негізгі зақымдаушы ұлпаларына альвеолярлық эпителий жатады. Олардың цитоплазмасында вирустар репликациясы жүреді [1].

«COVID-19» инкубациялық кезеңі 2-14 тәулік, орташа есеппен 5-7 тәулікті құрайды. Жүктілік кезіндегі иммунитеттің төмендеуі салдарынан «COVID-19»-ға шалдыққан әйелдерге бұл патология клиникасы анағұрлым ауыр өткендігіне көзіміз жетуде. Айта кетсек, жедел тыныс алу шамасыздығы дамып, ауыр түрлеріне жылдам ұласқандығы, жөтел мен дене қызуының ем аясында ұзаққа созылуы, клиника-зертханалық зерттеу нәтижелерінің патологиялық цифрларда тұрақты болуы, компьютерлік томографиялық зерттеу барысында өкпе тінінің 1-3 тәулік ішінде 60-70% -ға зақымдануы, емдік шараларға баяу көнуі [2]. Сонымен қатар, фертильді жастағы әйелдердің репродуктивті жүйе қызметтерінде көптеген асқынулардың кездесуі алаңдатады. Зерттеу мақсатында Түркістан облысындағы ауруханалардың босану бөлімдері мен гинекологиялық бөлімдерінен 252 босану тарихтарына ретроспективті талдау жасалынды. Гинекологиялық асқынулар бойынша жүктіліктің дамымай қалуы, өздігінен түсіктің 2-2,5 есеге артуы, жатырдан тыс жүктіліктің 3 есеге артуы. Акушерлік асқынулар бойынша суегіздік суаздық, мерзімінен ерте босану, патологиялық босанудың 12% -ға артуы, мекониальді қаганақ суы 34%-ға артуы, оперативтік босанудың артуы, макросомияның жиілеуі, кіндік патологияларының жиілеуі, нәрестелерде тума пневмонияның артуы байқалды.

Клиникалық ағымына қарай «COVID-19» жүкті босанушы және босанған әйелдерде жеңіл ағымда- 26,2%, орташа ағымда- 52,1%, ауыр ағымда-20%, аса ауыр ағымда-52% жиілікте кездесті.

Жүктілік және босану паритеті бойынша 1-3 жүктілік-95 (63,3%); 4-ші жүктілік- 55 (36,6%); 1-3 босану-50 (33,3%); 4-ші босану- 91 (60,7%);



Жүктіліктің аяқталуы - өзлігінен босанумен-84 (56%), мерзімді босанумен-76 (50,7%) , өздігінен түсіктермен-48 (32%), мерзімінен ерте босанумен- 26 (17,3%) , оперативті босанумен-18 (12%) аяқталды.



Туылған нәрестелерде асфиксиялық асқынулар да біраз орын алды. Жеңіл дәрежелі нәресте асфиксиясы-54(36%), орта дәрежелі нәресте асфиксиясы-75(50%), ауыр дәрежелі нәресте асфиксиясы- 13(8,7%) кездесті.

Қорытынды:

Сонымен, қоршаған ортаның өзгерістері, климаттың күрт жылуы, халық шоғырлануының артуы, биотехнология мен басқа да факторлардың дамуы ауруды үдетеді. Сондай-ақ миграциялық толқындар, экономиканың глобализациялау құбылыстары жаңа инфекцияның таралуына жол ашады. Инфекциялық аурулардың эпидемиясына байланысты биологиялық қауіп-қатерлер ауқымды сипатқа ие [3]. «COVID-19» эпидемиясы XXI ғасырдың соңғы қатері емес. Зерттеуіміздің нәтижесі пандемия кезінде фертильді жастағы әйелдердің репродуктивті жүйе қызметінің анағұрлым бұзылыстарын байқатты. Аталмыш асқынулардың болуы еліміздің демографиялық жағдайына кері әсерін тигізеді, келер ұрпағымыздың сапалы болмауына әсер ететіндігі айдан анық. Сондықтан бұл індетті барынша жұқтырмау, алдын -алу шараларын нығайту, жүкті әйелдер денсаулық индексін жоғарылатуға жұмыстар жүргізуді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Покровский ВИ, Киселев ОИ, Назаров ПГ. SARS: тяжелый острый респираторный синдром. Новый вирус, новая болезнь. Цитокины и воспаление. 2003;2(2):42–51. [Pokrovsky VI, Kiselev OI, Nazarov PG. SARS: severe acute respiratory syndrome. New virus, new disease. Tsitokiny i vospalenie = Cytokines and Infl ammation. 2003;2(2):42–51 (In Russ.)]
2. Alserehi H., Wali G., Alshukairi A., Alraddadi B. Impact of Middle East respiratory syndrome coronavirus (MERS-CoV) on pregnancy and perinatal outcome. BMC Infect Dis. 2016; 16: 105-108.
3. Bassetti M. The Novel Chinese Coronavirus (2019-nCoV) Infections: challenges for fighting the storm.https://doi.org/10.1111/eci.13209URL: https://onlinelibrary.wiley.com/doi/abs/10.1111/eci.13209 5. Gu J., Han B., Jian Wang J. COVID-19: Gastrointestinal manifestations.